

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 30 қыркүйектегі № 299 қаулысы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімі аппаратының басшысы Қ.Ш.Қанаевқа жүктелсін.

Облыс әкімі

А. Көлгінов

2016 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 299 Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің қаулысына
қосымша

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізімі

1. 2008 жылғы 16 сәуірдегі №118 "Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 24 ақпандағы №80 "Батыс Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органы экономикасының нақты секторы салаларын бюджеттік несиелендіру мәселелері" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3010 тіркелген, 2008 жылғы 31 мамырда "Орал өңірі" газетінде жарияланған) Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысы;

2. 2009 жылғы 26 қаңтардағы №28 "Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің "Әскер жасындағы азаматтарды жыл сайынғы мерзімді әскери қызметке кезекті шақырудың мәселелері туралы" 2006 жылғы 24 наурыздағы №115 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3019 тіркелген, 2009 жылғы 19 ақпанда "Орал өңірі" газетінде жарияланған) Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысы;

3. 2015 жылғы 10 ақпандағы №44 "Батыс Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3825 тіркелген, 2015 жылғы 7 наурызда "Орал өңірі" және "Приуралье" газеттерінде жарияланған) Батыс Қазақстан

облысы әкімдігінің қаулысы;

4. 2015 жылғы 3 қыркүйектегі №239 "2016 жылдың өніміне бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормаларын аймақтар бойынша және дақылдар бөлінісінде бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4067 болып тіркелген , 2015 жылғы 10 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысы;

5. 2015 жылғы 8 желтоқсандағы №351 "Батыс Қазақстан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4235 тіркелген, 2016 жылғы 30 қаңтарда "Орал өңірі" және "Приуралье" газеттерінде жарияланған) Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысы;

6. 2015 жылғы 15 желтоқсандағы №358 "Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 3 қыркүйектегі №239 "2016 жылдың өніміне бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормаларын аймақтар бойынша және дақылдар бөлінісінде бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4222 болып тіркелген, 2016 жылғы 21 қаңтарда "Орал өңірі" және "Приуралье" газеттерінде жарияланған) Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысы;

7. 2016 жылғы 9 ақпандағы №26 "Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 ақпандағы №44 "Батыс Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4285 тіркелген, 2016 жылғы 15 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысы.